

Тимирязев ауданы бойынша жер салығының негізгі ставкаларын түзету туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы N 22/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 сәуірде N 13-12-105 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы мәслихатының 2015 жылғы 12 ақпандағы N 34/1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы мәслихатының 12.02.2015 N 34/1 шешімімен (алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, "Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387-бабы 1-тармағына сәйкес аудандық мәслихат

Ш Е Ш Т І :

1. "Салық және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 378, 379, 381, 383-баптарымен бекітілген, жер салығының негізгі ставкасы көтерілсін, соған сәйкес:

1) ауыл шаруашылығына тағайындалған жерлердің негізгі салық ставкасын - 50 пайызға ;

2) жеке тұлғаларға ұсынылған, ауыл шаруашылығына тағайындалған жерлердің негізгі салық ставкасын - 50 пайызға;

3) елді мекендердің (үй жанындағы жер учаскелерінен басқа) жерлерінің негізгі салық ставкасын - 50 пайызға;

4) елді мекендердің сыртында орналасқан, өндіріс жерлерінің негізгі салық ставкасын - 50 пайызға ;

2. Аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 18 наурыздағы №6/7 "Жер салығының ставкаларын түзету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде 2004 жылғы 13 сәуірден № 1214 тіркелген, 2004 жылы 20 сәуірде " Нива" газетінде жарияланған) сессия шешімінің күші жойылған деп саналсын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

XXII сессия төрағасы	Аудандық мәслихаттың	Н. Никитенко
хатшысы	Аудандық мәслихаттың	Ғ. Шаяхметов
"КЕЛІСІЛГЕН" 2 сәуір 2010 жыл		
Салық басқарма бастығы		А. Мұсабаев
Экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің бастығы		Ж. Макенова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК